ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

ВООА 3301 Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі

5В010700 - Бейнелеу өнері және сызу

3 кредит

Алматы, 2016

Алғы сөз

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Дербесова М.А.- п. ғ. к., профессор, ҚазБСҚА

Қожағұлов Т.М. – п. ғ. к., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

5. ҚР БҒМ Републикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

«Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» пәні 5B010700 - «Бейнелеу өнері мен сызу» мамандығы бойынша бакалавр даярлап шығаратын бірден-бір кәсіби пәндердің бірі болып табылады. Пәнді оқытудың мақсаты – студенттерге педагогикалық іс-әрекеттерде белгілі бір нәтижелерге тиімді қол жеткізу үшін, оқушының білімі мен тәрбие әлеуетін жоғары деңгейге жеткізе алатын, білікті әрі кәсіби білім мен білік дағдыларын игерген, іскерлік қабілеттері жоғары кәсіби мамандар даярлау. Жеке тұлға қасиеттерімен қоса, аталған пән болашақ мамандардың үнемі дамып отыратын көркем шығармашылық қабілеттерін ашып, практикалық дағдыларын қалыптастырады, сонымен қатар арнайы пәнді оқыту саласында олардың кәсіби-педагогикалық, ғылыми және ғылыми-техникалық деңгейлерін көтереді.

«Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» пәні тек педагогикалық шеберлікке ғана негізделмейді, сонымен қатар пәнаралық байланысты кеңінен қамтиды. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесінің пәнаралық байланыстағы ғылыми-техникалық деңгейлерін көтеруде, пән бойынша бейнелеу іс-әрекетіндегі ақпаратты технологияларды қарастыруда (информатика пәні), сонымен қатар басқа да ғылым салалары: педагогика, психология, мәдениеттану, эстетика, өнер тарихы, кескіндеме, академиялық сурет, сәндік-қолданбалы өнер, мүсін өнері сияқты көркем пәндердің жиынтығынан құралып, білім алушылардың пәнді нәтижелі игерулеріне деген сенімдерін нығайтатыны анық. Кәсіби біліктілікті жетілдіру мақсатында барлық қажетті көркем - шығармашылық іс-әрекеттер нәтижесінде жеке тұлғаның жан-жақты дамып жетілуін, жеке және әлемдік көркемдік мәдениет тұрғысындағы дүниетанымдық көзқарастың нық қалыптасуын қамтамасыз ететіні сөзсіз.

Пән шартты түрде екіге бөлінеді. Олар: теориялық және практикалық. Теориялық бөлімде пәннің тарихы, жетекші идеялары мен жаңалықтары, бейнелеу өнерін оқыту әдістемесінің даму тарихи мен әдіснамалық ерекшеліктері, бейнелеу өнерін оқытуды әдістемесінің негізгі жаңашыл, озық тәжірибелері мен әдістемелерін таныстырады. Ежелгі елдер мен алыс-жақын шет мемлекеттер, Ресей мен Қазақстанда бейнелеу өнерін оқыту әдістемесінің даму тарихы мен қалыптасу жолдары, Аталған сала бойынша танымал педагог, өнертанушы, философ, мәдениеттанушы ғалымдардың қосқан үлестері мен озық тәжірибелерін, оқу-әдістемелік әдебиеттері мен ғылыми еңбектері толықтай талданады.

Ал практикалық бөлім аясында студенттер жалпы орта мектептердегі бейнелеу өнері пәні бойынша әдістемелік әдебиеттерді талдау, бейнелеу өнері пәні бойынша оқу материалдарын жоспарлау, бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі бойынша күнтізбелік-иллюстративтік, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды құрастыру, қоршаған ортадағы болмысты эстетикалық тұрғыда қабылдау тақырыптарына айналадағы болмыс (табиғат, дүние, зат) нышандары негізінде салынған көркем өнер шығармалары, суреттер мен кескіндеме тақырыптарына терең талдау жүргізу, сабақ жоспарларын құрастыру мен дайындау, сыныптан тыс жұмыстар іс-шараларын және оның

әр түрлі үйірмелерінің әдістемесін құрастыру, репетициялық даярлық сабақтарын жүргізу қарастырылған.

Пәннің тақырыптық жоспары

1. Бейнелеу өнерін мектепте оқыту әдістемесінің негізгі мақсаттары мен міндеттері.
2. Сурет салуға үйрету әдістемесінің шет елдерде, Ресейде, Кеңес дәуірі кезеңіндегі мектептерде және де ТМД мемлекеттеріндегі қалыптасу жолы мен даму тарихы.
3. Жаңа оқу бағдарламаларымен жұмыс істейтін Қазақстан мектептеріндегі бейнелеу өнері сабақтарының мазмұны.
4. Оқушыларды әртүрлі көркем материалдармен жұмыс істеу әдіс-тәсіліне үйрету.
5. Бейнелеу өнері пәнінен сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру. Бейнелеу өнері пән дәрісханасын көркем безендіру жұмыстарын ұйымдастыру, өнерді көркемдік тұрғыда қабылдау сабағының әдістемесі, мүсіндеу, тақырыптық сурет, нұсқадан сурет салу, батик, қағаз пластикасы сабақтарын ұйымдастырудың жолдары мен әдіс тәсілдері және олардың теориялық негіздері.
6. Қазақтың дәстүрлі өнерін үйірме жұмыстарында ұйымдастыру жолдары мен оны тиімді пайдалану.
7. Оқу пәндері мазмұны түзілімнің теориялық негіздері мен бейнелеу өнері сабақтарын терең талдау сабағының әдістемесі.
8. Педагогикалық әдіс және тәсіл тануға оқытудың жолдары мен әдістемесі.
9. Сабақтың дидактикалық бөлімінің толық бағытын меңгерту сабағының әдістемесі.
10. Сабақты көркемдік іс-әрекет түрлеріне байланысты дайындау: өнерді қабылдау, тақырыпқа байланысты сурет салу, нұсқадан қарап сурет салу (живопись, графика, мүсін өнері) сабақтарының әдістемесі.

Құзыреттіліктер

Көркем өнер білімінің негізгі мақсаты – жеке тұлғаны рухани жағынан жан-жақты жетілдіру, олардың ақыл-ойын терең дамыту, өмірдің барлық жағдайында көркем шығармашылық тұрғысынан танымдық дағдыларын игерту болып табылады. Бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілетті дамыту, жеке тұлғаның өнерге деген белсенділігін арттыра отырып, қоғамда болып жатқан қарқынды да, үнемі өзгерістерде, әртүрлі жағдаяттарда педагогикалық мәселелерді барынша жүзеге асыра алатын, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

«Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» курсы студенттерді жеке тұлға ретінде көркемдік өнер мен өнер педагогикасы саласы бойынша теориялық біліммен қаруландырып қана қоймай, сонымен қатар практикалық тұрғыдан жалпы орта мектептерге бейнелеу өнері пәнінің мұғалімінің атқаратын іс әрекеттерімен, кәсіби педагогикалық қызметке даярлау мен жан-жақты дамытуда ең маңызды бөлігі болып табылады және де төмендегідей құзыреттіліктерді қалыптастырады:

- бейнелеу өнері пәнін оқыту барысында жаңа ақпараттық технологияларды қолдануды;

- сөйлеу мәдениетін, ойлауды, қарым-қатынас қабілеттілігін, талдауды, ақпаратты қабылдауды, алдына мақсат қоя білу мен оған жетудің жолдарын таңдауды;

- өзінің білім алу және шығармашылық әрекетінде нормативті құқықтық құжаттарды пайдалана білуді;

- игерген білімі мен дағдыларын ел алдында сөйлей білу, айтыс-таластарда, дебаттарда пайдалана білуді;

- өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын сезінуді, кәсіби және педагогикалық іс-әрекеттерде жүзеге асыруда дәлелдеуді;

- кәсіби міндеттерді шешуде қоғамдық пәндерді теорияда және практикада жүйелі пайдалана алады;

- кәсіби мәдениет негіздерін меңгеруді;

- білім алушылардың алыстан оқудағы жетістіктерінің қазіргі заманғы әдістемелерін қолдану қабілетін;

- оқу-тәрбие үдерісінде сапаны нәтижелі қалыптастыру үшін көркемдік білім алу мүмкіндіктерін пайдалануды;

- кәсіби және жеке тұлға құзырлығын (тарихи-мәдени, көркемдік-практикалық), көркем өнер мәнерін, эстетикалық және рухани-өнегелік мұраттарға баға бере білуді;

- қоғамдық қарым-қатынас пен кәсіби іс-әрекетте өзін толық көрсете алатын білімді, іскерлік дағдылары мол және шығармашылық қабілетті тұлға бола білу;

- алға қойған мақсатқа жігерлі түрде қол жеткізуге тырысу қабілетін игерту.

Пән пререквизиттері: информатика, математика, геометрия, сызу, география (контурлық карта мен жоспарларды бейнелеуде), еңбек сабағы (сызбаларды оқытуда), композиция, сурет т.б.

Пән постреквизиттері: педагогика, психология, жалпы тарих, әлеуметтану, экология, бейнелеу өнері тарихы.

Пән мазмұны

Кіріспе

«Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» пәні ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде арнайы пән ретінде қарастырылады. Оның міндеті 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша пән мұғалімдерін даярлау болып табылады. Мазмұны жағынан бейнелеу өнерінің оқыту әдістемесі курсы педагогика, психология, тарих, бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы, философия, әлеуметтану пәндерімен тығыз байланысты. Пәнді оқыту барысында студенттерді мектеп оқушыларына бейнелеу өнерінен білім беруге даярлау, сонымен қатар аталған пәнде студенттердің білім алушыларды қалай өнерге баулуы, бейнелеу өнерінің қыр сырын үйретудегі сан қырлы әдіс-тәсілдерді игеру, әдемілік пен әсемдікке тәрбиелеудегі педагогикалық мәселелерді шешу мен қарастыруда, сонымен қатар жас ұрпақтың өнерге көзқарастарын ояту, көркемдік шығармашылық пен талғампаздықтарын қалыптастыру жолдары мен әдістерін, тәсілдерін барынша жан-жақты меңгерулеріне үлкен мүмкіндіктері бар. Жан-жақты дамыған оқушы тұлғасын қалыптастыру мен тәрбиелеу, бейнелеу өнері және сызу (көркемсуреттік білім) саласында жүйеленген білімді игерту, бейнелеу өнері және сызу (көркемсуреттік білім) мамандығы бойынша оқу үрдісін заманауи-ғылыми деңгейде ұйымдастыру, ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру сияқты теориялық мәселелер қамтылады. Студенттердің ұшқыр ойлау қабілетін, дүниетанымын және эстетикалық кейпін жетілдірудің жолдарын қарастыру мен педагогикалық шеберліктің шыңдалуын дамыту мәселелері.

Отандық көркемөнер білім саласының алғашқы бағыттарының бірі болып табылатын бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі ежелден тарихи мазмұнға ие. Ол өзінің өзектілігін жоғалтпай, көркемдікті тек көріп қана қоймай, сезіне білуді үйретеді де білімді басқаларға жеткізе отырып, бәсекеге қабілетті қазіргі заманауи дамып келе жатқан қазақстандық жастардың нақты азаматтық жолын, адамгершілік бейнесін қалыптастырады.

«Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» пәнінің **мақсаты:** бейнелеу өнері сабағының практикалық бөлімін өткізу барысында теориялық білімді, іскерлік дағдыларын қалыптастыру.

Осыған сәйкес төмендегі мынадай міндеттер жүзеге асырылады:

- бейнелеу өнері пән мұғалімдерін даярлау;
- сынып тақтасында (оның ішінде интерактивті тақтамен) сеніммен жұмыс істеу;
- оқу материалдарын түсіндіруде түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану;

«Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» пәнін аяқтаған кезде студент:

- әр түрлі тақырыптағы сабақтарды қалай өткізу керек екендігін;
- сынып тақтасымен жұмыс істей білуді;
- жаңа сабақты түсіндіру барысында әр қилы әдіс-тәсілдерді пайдалануды;
- бейнелеу өнері және сызу (көркемсуреттік білім) мамандығы бойынша оқу үрдісін заманауи-ғылыми деңгейде ұйымдастыру;
- ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру;

- оқушылар жұмысын қалай талдап және қорытындылауды **білу керек.**
- Студенттер:*
- әр түрлі тақырыптағы сабақтарды сауатты өткізе білуді;
 - сынып тақтасында (оның ішінде интерактивті тақтамен) сеніммен жұмыс істеуді;
 - жан-жақты дамыған оқушы тұлғасын қалыптастыруда білім мен тәрбие беруді,
 - оқу материалдарын түсіндіру барысында әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануды;
 - оқу-жұмыс бағдарламасын жазу мен талдауды;
 - сабақ жоспарларын және сабақ талдауларын сауатты әрі жүйелі түрде жасап, жүргізуді;
 - бейнелеу өнері және сызу (көркемсуреттік білім) саласында жүйеленген білімді қалыптастыру,
 - оқушылар жұмысының нәтижелерін талдап және қорытындылауды **меңгеруі тиіс.**

Негізгі бөлім

I. Теориялық бөлім

1. «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» пәнінің мазмұны мен мақсат-міндеттері.
2. Сурет салуды оқытудың шетелдік әдістеріне тарихи шолу.
3. Кеңес дәуірі кезеңі мен Ресейде бейнелеу өнерін оқыту әдіс-тәсілдеріне тарихи шолу.
4. Қазақстан Республикасындағы бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі курсына қойылатын қазіргі замандағы жаңа талаптар.
5. Пән бойынша оқу әдістемелік әдебиеттерге терең талдау.
6. Жалпы орта мектептерде бейнелеу өнері сабағы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың жолдары мен әдіс тәсілдері.

II Практикалық бөлім.

1. Мектептерде бейнелеу өнері пәні бойынша оқу әдістемелік әдебиеттерді талдау.
2. Бейнелеу өнері пәні бойынша оқу материалдарын жоспарлау.
3. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі бойынша күнтізбелік-иллюстративтік, тақырыптық жоспарларды жасау.
4. Айналадағы болмыс (табиғат, дүние, зат) нышандары негізінде салынған суреттер мен кескіндеме тақырыптарын талдау.
5. Көркем өнер шығармалары құрылысы тақырыптарын терең талдау.
6. Сәндік-қолданбалы өнерді оқып-үйрену тақырыптамалары.
7. Қоршаған ортадағы болмысты эстетикалық тұрғыда қабылдау тақырыптары.
8. Сабақ жоспарларын дайындау.
9. Сыныптан тыс жұмыстар іс-шаралары мен түрлі үйірмелер әдістемесі.

10. Кең әрі көлемді түрде сабақты терең талдау үлгілері.

Бейнелеу өнері сабағын оқыту әдістемесі бойынша бақылау жұмысының сұрақтары

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және білім туралы заңына сәйкес жалпы білім беретін мектептердегі бейнелеу өнері сабағы әдістемесінің негізгі міндеттері.
2. Алғашқы қауымдық кезеңде ежелгі Египет мектептеріндегі сурет салуды оқыту әдістемесі.
3. Ежелгі Греция мектептеріндегі сурет салуды оқыту тарихынан.
4. Орта ғасыр және Қайта өрлеу заманындағы оқыту әдістемесінің мазмұны.
5. Еуропа елдерінде сурет салудың академиялық жүйесінің қалыптасу жолы мен тарихы.
6. Француз әдіскерлерінің сурет салудағы академиялық оқыту жүйесі.
7. Сурет пәнінің дамуына педагог-ағартушы Я.А.Коменский, Д.Ж.Локк, Ж.Ж.Руссо, Г.Песталоццилер шығармаларындағы педагогикалық ойлардың ықпалы мен олардың маңыздылығы.
8. ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда Ресей көркемсурет Академиясының құрылуы мен оқыту әдістері.
9. Көркемсурет Академиясында П.П.Чистяковтың сурет салуды оқыту жүйесі.
10. А.П.Сапожниковтың сурет салуды оқытудағы әдістемелік жүйесі.
11. Өз бетінше білім алу мен тәрбиелеудің теориясы.
12. Ұлы Отан соғысына дейінгі және кейінгі жылдарындағы Е.С.Кондахчан мен И.И.Евдокимовтың сурет салу қосқан үлестері мен әдістері.
13. Н.Н.Ростовцевтың бейнелеу өнерін оқыту әдістемесіне қосқан үлесі.
14. 1970-жылдардағы бейнелеу өнері бойынша жаңа оқу бағдарламаларының теориялық және әдістемелік ерекшеліктері (Б.П.Юсов, Б.М.Неменский, В.С.Кузин).
15. Қазақстан Республикасындағы бейнелеу өнері бойынша типтік оқу бағдарламаларының мазмұны.
16. ҚР бейнелеу өнері пәні бойынша Қ.К.Болатбаев авторлығымен басылып шыққан жалпы орта мектептерінің 1-б-сыныптарына арналған бейнелеу өнері пәнінің оқулықтарын талдау.
17. Бейнелеу өнері бойынша оқу материалдарын жоспарлау жүйесі.
18. Мұғалімнің мақсатты педагогикалық үрдіске сәйкес сабаққа дайындығы.
19. Балалардың көркем шығармашылық қабілетін дамытуының педагогикалық-психологиялық негізі.
20. Көркемдік қабылдауды дамыту принциптері.
21. Бейнелеу өнері сабақтарында оқытудың дидактикалық принциптерін пайдалану.

22. Бейнелеу өнері пәнінің дәріс бөлмесін заманауи талаптарға сәйкес жабдықтау мен оған көрнекі құралдарды даярлау.
23. Сынып және сыныптан тыс жұмыстарда техникалық оқу құралдарын пайдалану әдістемесі.
24. Үйірме жұмыстарының әдістемесі мен оны ұйымдастырудың жолдары.
25. Факультативтік сабақтарды жүргізудің әдістемесі.
26. Бейнелеу өнері пәні бойынша білімді, іскерлік пен дағдыларды есепке алу жүйесі.
27. Бейнелеу өнері сабақтарында қазақ халқының ұлттық, дәстүрлі өнер шығармашылығын пайдалану әдістемесі.
28. Тақырыптық композиция сабақтарын ұйымдастыру әдістемесі.
29. Жапсыру ісі сабақтарын оқытудың әдістемесі.
30. Айналадағы табиғи болмысты тану бойынша бейнелеу өнері сабақтарының әдістемесі.

Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі пәні бойынша курстық жұмыстар тақырыптары

1. Бейнелеу өнерінің қоғамда алатын орны мен ролі.
2. Өнер шынайылықтың белгісі іспеттес.
3. Өнердегі үйлесімділік пен форманың мазмұны.
4. Бейнелеу өнері тарихының бейнелеуші іс-әрекеттеріне қысқаша кіріспе.
5. Оқушылардың көркем шығармашылық қабілеттерін дамыту.
6. Бейнелеу өнерінен оқу бағдарламаларының ерекшеліктері мен дидактикалық принциптерін оқытудың негізгі міндеттері.
7. Оқушылардың бейнелеу өнері іс-әрекеттерін қабылдау маңыздылығы.
8. Бейнелеу өнерінің әдістері мен тәсілдеріне талдау жүргізу.
9. Бейнелеу өнері пәні бойынша сыныптан тыс үйірме жұмысын ұйымдастыру мен оның әдістемесі.
10. Бейнелеу өнері пәні бойынша факультативтік сабақтарды жүйелі жоспарлау мен ұйымдастыру.
11. Бейнелеу өнерін оқыту процесінде сыныптан тыс жұмыстар формасын белсенді түрде ұйымдастырудың маңызы.
12. Бөлме интерьерін көркем безендіру бойынша дизайнның өзекті мәселелері.
13. Сәнді қолданбалы өнеріндегі көркем қаріптердің маңызы мен оның көркем эстетикалық қабылдаудағы орны мен мән-мағынасы.
14. Қазақстан өнеріндегі көркемдік дәстүрлер сипатын оқыту әдістемесі.
15. Эстетикалық шыншылдықты қабылдаудағы мүсіндік жапсырудың маңызы.
16. Бейнелеу өнерінің әдістері негізінде аппликацияны оқытудың әдіс-тәсілдері.
17. Көркем табиғи материалдарды қолдана отырып, оқушылардың конструктивті іс-әрекеттерді қабылдау.

- 18.Бейнелеу өнері бөлмесін безендіріп ұйымдастыру және оқу процесіндегі маңызы.
19. Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары. / әңгіме сабақ/
20. Сурет, графика - бейнелеу өнерінің негізі ретінде.
21. Композициялық әдіс-тәсілдерді айқындаудағы картинадағы жазықтықты ұйымдастыру.
- 22.Көлемді формадағы заттарды бейнелеу. Сызықтық және ауа перспективалары.
- 23.Натюрморт және оның оқу процесіндегі маңызы. Үйрету. Бейнелеудің кезеңділігі және оны оқыту әдіс-тәсілдері.
- 24.Ою-өрнектің түрлерінде сәнді-қолданбалы өнер іс-әрекеттері. Ою өрнекті жасау жұмыстары.
- 25.Халықтық ою-өрнек және оның эстетикалық тәрбиедегі маңызы.
- 26.Сәулет өнері жөнінде әңгіме және оның эстетикалық маңызы.
- 27.Портрет. Адамды бейнелеудің маңызы. Пластикалық анатомия және адам тұлғасының пропорцияларымен танысу.
28. Көркем безендіру жұмыстарының түрлері және оның көғамдағы алатын орны.
29. Бейнелеу өнерінің курсы бойынша долбарлар мен нобайлар.
- 30.«Тұстану» тақырыбы мазмұнын оқыту әдіс- тәсілдері.

Әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. Ростовцев Н.Н. История методов обучения рисования в зарубежных и советских школах. М., Просвещение. 1980.
2. Ростовцев Н.Н. Методика преподавателя ИЗО в школе. М., Просвещение. 1980.
3. Шорохов Е.В. Методика преподавателя композиции на уроках ИЗО. М., Просвещение. 1977.
4. К.Ералин.,О.Займоғлұлы., Ғ.Кралина. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. Оқу-әдістемелік құрал. Түркістан. «Туркестан Туран» баспасы. 2011. Б.225.
5. Ибрагимов Ұлыбек Шарахынұлы. Бейнелеу өнері: жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық / Ұ.Ш. Ибрагимов, Қ.К. Болатбаев. - Алматы : Атамұра, 2000. - 136б. с.
6. Болатбаев, Қ. Қ. Бейнелеу өнері. Оқыту әдістемесі: жалпы білім беретін мектептің 4-сынып мұғалімдеріне арналған / Қ. Қ. Болатбаев, Ұ. Ш. Ибрагимов. - Алматы : Атамұра, 2000. - 40 б.
7. У.Ш.Ибрагимов, Қ.К.Болатбаев Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі: жалпы білім беретін мектептің 2-сынып мұғалімдеріне арналған / Алматы : Атамұра, 1998. - 44б. с.
8. Жеделов Құрманғазы Оразұлы. Бейнелеу өнері: 12 жылдық жалпы білім беретін мектептің 1-ші сыныбына арналған. - Алматы : Алматыкітап, 2003. - 112 б. -

9. Ақбаева Ш.Ә. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. Оқу құралы / Алматы: «Нұр-Принт» баспасы. 2007. Б.137.
10. Нұрым Қ.Т., Ақбаева Ш.Ә., Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесінің теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы /- Алматы: Абай атын. ҚазҰПУ-і. «ИП Уатханов А.Ф.» баспасы. 2012. Б.149.

Қосымша әдебиеттер

1. Кузин В.С. и Кубышкина Э.И. Изобразительное искусство. Учебник 1-2 кл., 3-4 кл. М., Дрофа. 1997.
2. Кузин В.С. Психология. 2 изд. М., Высшая школа. 1982.
3. Кузин В.С. ИЗО и методики его преподавателя в начальных классах. М., Просвещение, 1984.
4. Сокольникова Н.М. Основы композиции. 5-8 кл. М., Титул. 1996.
5. Сокольникова Н.М. Изобразительное искусство и методика в начальных классах. М., Асадема. 1999.
6. Барщ А.О. Рисунок в художественной средней школе. М., Академия художеств СССР. 1963.
7. Беда Г.В. Основы изобразительной грамоты. Рисунок, живопись, композиция. 2-е изд. М., Просвещение. 1981.
8. Байжігітов, Болат Кесікқалиұлы. Өнер тарихы мен теориясы: оқу құралы / Б. К. Байжігітов. - Алматы : АлМУ, 1999. - 198 б.
9. Жеделов Құрманғазы Оразұлы. Бейнелеу өнері сабағында оқушылардың көркемдік қабылдауын қалыптастыру: оқу құралы. - Алматы : " Алуа " ЖШС баспасы, 2004. - 108 б. с.
10. К. Өстеміров. Қазіргі педогогикалық технологиялар мен оқыту құралдары / Алматы : Алтынсарин атындағы ҚБА, 2007. - 144 б.
11. Мириманов В. Алғашқы қауымдық және дәстүрлі өнер. Алматы : Өнер, 1989. - 328 б.
12. Б.А. Альмухамбетов, Ж.Ш. Балкенов. Сурет салу және бояумен жұмыс жасаудың тиімді әдістері. - Алматы : Б. и., 1982. - 29 б.
13. Тәжімұратов Әбдіқас. Шебердің қолы ортақ - Алматы : "Қазақстан" , 1977. - 96 б.
14. Қазақстан бейнелеу өнерінің шеберлері: Альбом. - Алматы : Өнер, 1983. - 132 б.
15. Төлебиев. Ә. Сурет сала білесің бе? - Алматы : Өнер, 1990. - 48 б.

Интернет-көздері:

1. <http://multitender.ru>
2. <http://www.topreferat.com/Курстық-жұмыс/4136-Мектептегі-бейнелеу-өнері-оқыту-әдістемесі-курстық-жұмыс>
3. <http://zakupki.kz>
4. <http://www.rusnauka.com>
5. <http://www.bookcity.kz>

6. <http://almatykitap.kz>
7. <http://magister.kz/referat/show>
8. <http://www.academia-moscow.ru>
9. <http://www.uchportal.ru>
10. <http://школа-всего.рф/index.php/ru>
11. <http://nsportal.ru/shkola/izobrazitelnoe-iskusstvo/library/metodika-prepodavaniya-izobrazitelnogo-iskusstva-v>
12. <http://window.edu.ru>
13. <http://cyberleninka.ru/article/n/metodicheskie-rekomendatsii-po-prepodavaniyu-izobrazitelnogo-iskusstva-v-nachalnoy-malokomplektnoy-shkole-v-ramkah-perehoda-na>
14. <http://cyberleninka.ru/article/n/prepodavanie-izobrazitelnogo-iskusstva-v-nachalnoy-malokomplektnoy-shkole>
15. <http://www.niro.nnov.ru>
16. <http://window.edu.ru>
17. <http://www.twirpx.com>

Құрастырған:

Ақбаева Ш.А. – п. ф. к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

SOA 3302 Сызуды оқыту әдістемесі

5B010700 - Бейнелеу өнері және сызу

2 кредит

Алғы сөз

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Дербисова М.А. - п.ғ.к. профессор ҚазБСҚА

Қожағұлов Т.М. - п.ғ.к., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ

5. ҚР БҒМ Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

Түсінік хат

Бұл бағдарлама жалпы орта білім беретін мектептерге 5BO10700 - «Бейнелеу өнері және сызу» пәндерінің оқытушысы мамандығы бойынша мұғалімдерді кәсіби даярлап шығатын пәннің бірі. Аталған бағдарлама бейнелеу өнері және өнер, мәдениет білім салалары бойынша арнайы оқу орындарында білім алып жүрген студенттерге арналады. Пәнді оқытудың негізгі мақсаты – студенттерге болашақта педагогикалық оқу орындарында оқу әдістемелік жұмыстарды, оқу-тәрбие үдерісін сәтті жүргізе алатын және оқушылардың көркем шығармашылық қабілеттерін ең жоғары деңгейге жеткізе алатын, іскерлік қабілеті бар, білікті, әрі кәсіби маман дайындау көзделеді. Болашақ мамандардың педагогикалық, оқу әдістемелік жұмыстарға қабілеттерін дамыту, сызуды оқыту әдістемесі саласында кәсіби-педагогикалық және ғылыми-техникалық үлкен жетістіктерге қол жеткізу үшін іскерліктерін қалыптастыру. Жеке тұлғаның өзінің және жан-жақты дамуына барлық көркем педагогикалық іс әрекеттердің түрін бағыттау, әлемдік ойлау көзқарасын, дүниетанымын кеңейтуді қалыптастыру, эстетикалық көзқарасы мен мәнерін, әлеуметтік маңызды іс әрекеттерде сұраныстары мен қабілеттілігін дамыту.

Сызуды оқыту әдістемесі курсы бойынша 11.11.2009 жылы №514 бұйрықпен білім министрлігі бекіткен 6.08.063.2010 жылдан ҚР жоғары кәсіби білім берудің Республикалық жалпыға міндетті стандарты негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Академиялық сурет және АПОӘ» кафедрасында жасалды. Дайындау кезінде ҚР білім берудің сызу пәні бойынша мектеп бағдарламасы ескерілді.

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

1. Сызуды оқыту әдістемесі пәнінің мақсат міндеттері. Жалпы орта мектептердегі сызу курсының құрылымы.
2. Сызуды оқыту әдістеме пәнін оқытудың теориялық негізі. Факультетте сызуды оқыту әдістемесінің мазмұны. Мектептегі сызу пәнін оқытудың тарихына қысқаша шолу.
3. Сызуды оқыту әдістеме пәнінің шығу тарихына шолу. Сызуды оқытуда шетелдік әдістерге тарихи шолу.
4. Ресейде сызуды оқыту әдістемесі. Кеңес дәуірінде сызуды оқыту әдістемесіне анализдік талдау.
5. Сызуды оқыту әдістеме пәні бойынша бағдарламалар мен жаңа буын оқулығына, әдістемелік әдебиеттерге анализдік талдау.
6. Проекциялар негізі және оның негізгі әдістемелері. Проекциялық айналыспалы жаттығуларды шешудің әдістемелік сабақтары.

7. Аксонометриялық проекциялар сабақтарының әдістемесі. Аксонометриялық проекцияларды құрастырудың дәрісі.
8. Қима мен тілік сабағының әдістемесі.
9. Геометриялық құрылым сабағының әдістемесі.
10. Нұсқадан техникалық сурет салу және эскиздерді / нобайларды / салып тұрғызу.
11. Сызуды пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстар.
12. Курстық жұмысты орындау.

ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР

Педагогикалық шеберлікке оқыту барысында жеке тұлғаның шығармашылық қабілеті дамытылады. Студентте:

-сызбалық білімдерді, іскерлік пен дағдыларды игеру, графикалық-құрастырушылық ойлауды дамыту, талдап қорыту, талдай алу, ақпаратты қабылдау, алдына мақсат қоя білу мен оған жетудің жолдарын таңдау;

- өзінің білім алу және шығармашылық әрекетінде нормативті, құқықтық құжаттарды пайдалана білу;

-алған білімі мен дағдыларын практикалық іс-әрекетте пайдалана білу;

-өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын сезіну;

-кәсіби міндеттерді шешуде сәулет өнерлік, техникалық, дизайнерлік жобаларды теорияда және практикада жүйелі пайдалана алу;

- кәсіби мәдениет негіздерін игеру;

- қазіргі шығармашылық және педагогикалық әрекетінде меңгерген графикалық білімдерін қолдана алу қабілеттері **дағдыларын қалыптастыру қажет.**

ПРЕРЕКВИЗИТТЕР: математика, геометрия, сурет, география (контурлық карта мен жоспарларды бейнелеуде), еңбек сабағы (сызбаларды оқытуда).

ПОСТРЕКВИЗИТТЕР; педагогика, психология, жалпы тарих, әлеуметтану, экология, бейнелеу өнері тарихы.

СЫЗУДЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ПӘНІНІҢ МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

Педагогикалық ЖОО-дағы сызуды оқыту әдістемесі пәні «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша пән мұғалімдерін даярлайтын арнайы пән ретінде қарастырылады. Мазмұны жағынан сызу пәні педагогика, өнертану психология, тарих, философия, әлеуметтану, мәдениеттану пәндерімен тығыз байланысты. Пәнді оқыту барысында студенттерді елжандылық пен ұлтжандылыққа тәрбиелей отырып, олардың көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Студенттердің ұшқыр көркем ойлау білу қабілетін, көркемдік дүниетанымын жетілдіреді. Эстетикалық қабылдауларының дамуына жағдай жасайды. Білім алушылардың педагогикалық шеберлігін пән аралық байланыстар негізінде дамытуды қалыптастырады.

Практикалық бөлімдебағдарламаныңтүрлі бөлімдерінің мазмұны оқытылады. Қазақстандық әдістемелік әдебиеттер теориялық материалдар ретінде ескеріле отырып, жан-жақты талданады.

Мектептегі педагогикалық практикаға дайындау бөлімінде сызу пәні бойынша бағдарламалар талданады. Әсіресе, сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбиелік шараларға баса назар аударылады. Қазақстан және Ресейлік, шетелдік әдістеме мен педагогика ғылымының озық тәжірибелері пайдаланылады. Курсты оқыту студенттердің педагогика және психология бойынша игерген білімдері негізінде, сонымен бірге педагогикалық практикада жинақталған кәсіби тәжірибелер негізінде құрылған.

Курсты оқыту дәрістік және практикалық сабақтарды жүргізу негізінде жүзеге асырылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Дәрістік курс тақырыптары

1. Сызуды оқыту курсы мазмұнының мақсат-міндеттері.
2. Сызуды оқытудың шетелдік озық әдістерге тарихи шолу.
3. Кеңес кезеңіндегі және Ресейлік сызуды оқыту әдістемелеріне тарихи шолу.
4. Қазақстан Республикасындағы сызуды оқыту әдістемесі курсына қойылатын қазіргі заманғы талаптар.
5. Пән бойынша әдістемелік әдебиеттерді талдау.
6. Сызуды оқыту пәні бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру.

Практикалық сабақ тақырыптары

1. Сызу пәні бойынша мектептегі әдістемелік әдебиеттер мен бағдарламаларға анализдік талдау.
2. ГОСТ бойынша сызбаны безендіру сабағының әдістемесі.
3. Жазықтықта проекциялау сабағы.
4. Проекциялық байланыстың 2 және 3 жазықтықтағы проекциялардың негіздері. Проекциялық айналыспалы жаттығуларды шешудің әдістемелік сабақтары.
5. Нұсқадан техникалық сурет салу және эскиздерді /нобайларын/ салу. «Техникалық сурет» атты тақырыптың әдістемесі. Техникалық сурет салу және эскиздерді салу жолдары.
6. Қима мен тілікті орындау сабағының әдістемесі.
7. Құрастыру сызбасы сабағының әдіс тәсілдері.
8. «Геометриялық құрылым» сабағының әдістемесі. Сызудағы геометриялық құрылым тақырыбы бойынша сабақты оқыту әдістемесі.
9. Аксонаметриялық проекциялардың құрылымын тұрғызу сабақтарының әдістемесі. «Аксонаметриялық проекциялар» сабағы тақырыбының мазмұны.«Аксонаметриялық проекциялар» атты тақырыпта сабақтың жоспарын құрастыру және сабақ даярлық сабақтарын жүргізу.Аксонаметриялық проекцияларды құрылымын тұрғызу сабақтары.
- 10.Сызу пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды (факультативтік курс) ұйымдастырудың әдістемесі.

СЫЗУДЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ КУРСЫ БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ СТУДЕНТ:

- Бағдарлама бойынша сызбаларды сауатты орындай **білуге**;
- Жұмыс кезінде сызбаға қажетті құралдармен жұмыс істей **алуға**;
- Машинақұрастыру сызбасының бөлшектерін талдай **білуге**;
- Тез әрі сапалы сызба бөлшектерінің эскезін немесе техникалық суретін сапалы орындай **алуға**;
- Сынып тақтасындасызбанысенімді сыза **білуге**;
- Оқу материалдарын түсіндіру барысында түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана **білуге**;
- Бөлшектерде қима және тіліктерді тиімді қолдана **алуға**;
- Құрастыру сызбаларын бөлшектеуге және оны оқи **алуға**;
- Сабақ жоспарлары мен сабақ талдауларын сауатты және белгілі бір жүйеде түрлендіре жаза **алуға**;

- Оқушылардың жұмыстарын сауатты қорытындылай және талдай білуге, меңгеруге міндетті.

СЫЗУДЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ БОЙЫНША ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ

1. Сынып тақтасында жұмыс жүргізудің әдіс-тәсілдері.
2. Сызу пәнін оқытуда техникалық құрал-жабдықтарды жүйелі пайдалану.
3. Сызу пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды жүйелі жүргізу.
4. Дизайн өнерінде сызу пәні әдістерін тиімді қолдану.
5. Сызбаграфикалықжұмыстарынтексеру.
6. Кеңесдәуірікезеңіндегісызуәдебиеттерінеталдау.
7. Оқушыларды «Қима» орындауғаұйретудіңәдіс-тәсілдері.
8. Сызупәніноқытуда мұғалімніңролі.
9. Оқушыларды эскиз жәнежобалықсуретсалуғаұйрету.
- 10.Сызупәнініңмұғалімініңсбаққазірлігіжәнепедагогикалықшеберлігі.
- 11.Сызудыоқытуғаарналғанәдістемелікоқуқұралдарғаталдау.
- 12.Сызупәніндесыныптақтасындажүйеліжұмысжүргізу.
- 13.Сызупәнінеқажеттікөрнекілікқұралдарәзірлеу.
- 14.Сызубөлмесінжаңаүлгідежабдықтаужәнетехникалыққұрал-жабдықтардытиімдіпайдалану.
- 15.Техникалықсурет салу, эскиз бойыншажұмысістеудіңәдіс-тәсілдері.
- 16.Сызупәнібойыншадизайндықтерендік-кеңістіккомпозициялары.
- 17.Сызупәніноқытудапсихологиялық-педагогикалықкерекшеліктердіескеру.
- 18.Көлемніңкеңістіккомпозицияларынөлшеу.
19. Дизайн өнеріндесызупәніәдістерінқолдану.
- 20.Сызбаграфикалықжұмыстардытексерудіңәдіс-тәсілдері.
- 21.Оқушылардысызушрифтерінжазуғаұйрету.
- 22.Жәйтіліктүрлеріменоқушылардытаныстыру.
- 23.Оқушыларғааксонаметриялықпроекцияныорындауғаұйрету.
- 24.Бұрандақосылыстарыорындаудыңәдіс-тәсілдері.
- 25.Сызупәнібойыншаоқуматериалдарынжүйеліжоспарлау. / сабатыңмасаты, міндеттері/
- 26.Сызупәнібойыншадидактикалықпринциптердіжүйеліжоспарлау.
- 27.Сызужұмыстарыорындаудадұрысөлшемқоюғаұйрету.
- 28.Оқушылардысызужұмыстарыноқуғаұйрету.
- 29.Сызупәнібойыншаоқушылардыңэстетикалықталғамынарттыру.
- 30.ҚазақстанРеспубликасыбойыншасызубағдарламасыныңмамұндыкерекшеліктері.

СЫЗУДЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ КУРСЫ БОЙЫНША КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Жалпы орта мектепте сызу пәнінің мазмұндық құрылымы.
2. Мектепте сызу пәніне байланысты жаңа буын оқулығы мен әдістемелік әдебиеттерге анализдік талдау.
3. Сызу пәні бойынша сабақтан тыс шараларды ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері.
4. Геометриялық құрылым тақырыбының әдіс-тәсілдері.
5. Түйіндесу тақырыбының мазмұны және оны оқытудың әдіс-тәсілдері.
6. Сызбаға өлшем қою тақырыбының әдіс-тәсілдері.
7. Проекция түрлері тақырыбының мазмұны және оны оқытудың әдіс-тәсілдері.
8. Проекцияның 2 және 3 проекция жазықтықтарында проекциялау тақырыбын түсіндіру.
9. Жетіспеген көріністерді тұрғызуға арналған жаттығуларды шешу.
10. Айналыспалы жаттығуларды шешу тақырыбының әдіс-тәсілдері.
11. “Аксонметриялық проекция” тақырыбының мазмұны және оны оқытудың әдіс-тәсілдері.
12. Сызба эскиздерін орындау тақырыбының әдіс-тәсілдері.
13. Техникалық суретті орындау тақырыбы.
14. Графикалық жұмыстарды тексерудің әдіс-тәсілдері.
15. Нұсқадан бөлшектің сызбасын және эсизін орындау.
16. “Қима” сабағының әдіс-тәсілдері.
17. “Қарапайым тілік” сабағының әдіс-тәсілдері.
18. “Күрделі тілік” сабағының әдіс-тәсілдері.
19. “Сызбаны оқу” тақырыбының әдіс-тәсілдері.
20. Сызбада резьбалық қосылыстарды белгілеу сабақтары.
21. Жұмыс сызбасын оқу.
22. Ажыратылатын және де ажыратылмайтын қосындылар тақырыбының мазмұны және оны оқытудың әдіс-тәсілдері.
23. Құрастыру сызбасын оқу тақырыптарын оқып меңгеру әдіс-тәсілдері.
24. Құрастыру сызбасын детальдау.
25. Құрылыс сызбасын оқу және онымен танысу.
26. Сызуды оқып меңгеруде білімділік және тәрбиелік міндеттер.
27. Сызудың мектептегі басқа пәндермен тығыз пәнаралық байланысы.
28. Сызу пәнін оқытып меңгерту дидактикалық принциптерді жүйелі қолдану.
29. Жаңа технологияларды /ОТӘ/ оқу процессінде қолдану.
30. Оқушылардың үлгерімін есепке алу.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер

1. Есмұханов Ж. Қазақстан мектептері үшін сызу оқулығы. 2000.

2. Воротников И.А. Занимательное черчение. М., Просвещение. 1990.
3. Васильенко Е.А. Методика обучения черчению. М., Просвещение. 1990.
4. Севастопольский Н.О. Уроки черчения в школе. М., Просвещение. 1981.
5. Ботвинников А.Д., Виноградов В.Н. Черчение. М., Просвещение. 1980.
6. Боголюбов С.К., Войнов А.В. Черчение. М., Машиностроение. 1981.

Қосымша әдебиеттер

1. Бабулин И.А. Построения машиностроительных чертежей. М., Высшая школа. 1982.
2. Селивестров М.М. Черчение. Высшая школа. 1980.
3. Жижин В.Д. Обучение чтению и выполнению рабочих чертежей. М., Просвещение. 1964.
4. Ботвинников А.Д., Ломов Б.Ф. Научные основы формирования графических знаний.
5. Волков И.П. Учим творчеству. М., Педагогика. 1988.
6. Дружинин Н.С., Чувилов Н.Г. Черчение. Высшая школа. 1982.
7. Васильенко Е.А. под ред. Практикум по черчению. М., Просвещение. 1982.
8. ЕСКД общие правила выполнения чертежей ГОСТ 2.301-68; ГОСТ 2.320-82.
9. Селивестров М.М. Черчение. Высшая школа. 1980.
10. Ивахнова Л.А. Научные основы подготовки учителя. Алматы, Гылым. 1995.
11. Хасенов М.М. Развитие способностей школьников к мыслительным преобразованиям. Алматы, Рауан. 1992.
12. Воротников И.А. Занимательное черчение. М., Просвещение. 1980.

Құрастырған:

Ақбаева Ш.Ә. – п. ф. к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ